



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2021 жылғы 17 ақпандағы № ДС-52 хатқа

Құрметті депутаттар!

Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасын (*бұдан әрі – Жол картасы*) іске асыруға қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Жол картасы дағдарысқа қарсы арнайы әлеуметтік бағдарлама ретінде ел Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасы бойынша COVID-19 пандемиясының теріс салдарын азайту мақсатында әзірленді.

Жол картасы шеңберінде құрылатын жұмыс орындарының ерекшелігі олардың қолжетімділігі, икемділігі және қысқа мерзімділігі болып табылады. Бұл жұмыс орындары негізінен құрылыс индустриясы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтағы біліктілігі орташа жұмысшыларға арналған, өйткені бұл жұмысшылардың шектеу шараларын енгізу кезеңінде жұмыссыз қалу тәуекелі бар болатын.

Жол картасының инфрақұрылымдық жобалары халықтың табысын сақтау және шектеу шаралары кезеңінде жұмыссыздық деңгейінің күрт өсуіне жол бермеу бойынша «тез» нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етті, сондай-ақ елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту үшін жағдай жасады.

2020 жылы Жол картасы шеңберінде 239 мың адамды жұмысқа орналастырумен 6,5 мың инфрақұрылымдық жоба іске асырылды, оның ішінде халықты жұмыспен қамту орталықтарының жолдамалары бойынша 120 мың жұмыссыз адам жұмысқа орналасты. Бүгінгі таңда 81 мың адам 2020 жылдан бастап ірі нысандарды салу және күрделі жөндеу бойынша ауыспалы жобаларда жұмысын жалғастыруда. Орташа жалақы 130 мың теңгені құрады.

Жобалар аяқталғаннан кейін тұрақты жұмыс орындарына 7 мыңға жуық адам жұмысқа орналастырылды.

Бұл ретте, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру аяқталғаннан кейін босатылған адамдарды жұмыспен қамту бойынша жүйелі шаралар қабылдануда.

Қазіргі уақытта 158 мың адам жұмыстан босатылды, оның ішінде 55 мыңға жуық адам (35%) Жол картасының іске асырылып жатқан басқа да жобаларына жіберілді, 47 мың адам (30%) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына тартылды және 23 мың адам (15%) тұрақты жұмыс орындарына (*бос жұмыс орындары*) жұмысқа орналастырылды.

Қалған 33 мың адам (20%) бойынша басқа мемлекеттік бағдарламалар мен аумақтарды дамыту бағдарламалары шеңберінде жұмыспен қамту жұмыстары жүргізілуде.

Жол картасын іске асыру шеңберінде авариялық жағдайдағы білім беру объектілерінің саны 580 бірлікке немесе жөндеуді қажет ететіндердің саны 26%-ға қысқарды (*2 509 объект болған еді*). Құрылыс пен қайта құруды ескере отырып, медициналық ұйымдар мен әлеуметтік және мәдени объектілердің саны 338 нысанға артты.

Жол картасы су, газ, электрмен жабдықтау және су бұру желілерінің тозу деңгейін 7,5%-ға төмендетуге мүмкіндік берді, 805 км жаңа инженерлік желілер іске қосылды.

4 585 км жол салынды және жөнделді. Нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автомобиль және жаяу жүргіншілер жолдарының үлесі 8%-ға артып, 69%-ды құрады.

Жол картасы жобаларындағы материалдар мен жабдықтардағы қазақстандық қамтудың нақты көлемі 87 %-ды құрады.

Отандық компаниялар 114 мың жұмыс орнын сақтап қалған 19 мың шағын және орта бизнес субъектілерін қоса алғанда, 657 млрд. теңге сомасына тапсырыс түрінде қолдау алды.

Есепті кезеңге 857 млрд теңге игерілді. Жол картасын іске асыруға қатысқан кәсіпкерлік субъектілері 8 млрд теңге сомасына салық төледі. Салынған бюджет қаражатының кейінге қалдыратын әсерін ескерсек, Жол картасының іске асырылған жобаларынан салықтар мен әлеуметтік төлемдердің түсуі ұлғаятын болады.

Жалпы, халықты жұмыспен қамтуды қолдау бойынша дағдарысқа қарсы уақтылы қабылданған шаралар елдегі жұмыссыздықтың жаппай өсуіне жол бермеді (*4-тоқсанның қорытындысы бойынша 4,9%*).

Сонымен қатар Жол картасы шеңберінде жергілікті қамту үлесінің кемінде 90%-ына қол жеткізу жөніндегі талапты сақтай отырып, отандық өндірушілерді қолдау жалғасатын болады.

Жұмыс орындарын құру мониторингі және инфрақұрылымдық жобаларға жұмысқа орналасу фактілері «Жұмыс орындарын құрудың интеграцияланған картасы» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады және жұмыс берушілерден міндетті зейнетақы жарналарының түсімдері арқылы қадағаланады.

Бұдан басқа, салық міндеттемелерін орындаудың толықтығын қамтамасыз ету және салық төлеуден жалтарудың жолын кесу мақсатында камералдық бақылаудың 216 рәсімі өткізілді, олар арқылы табысты (*КТС, ЖТС*), айналымды (*ҚҚС*), ЕТҚ (*ЖТС, әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдер*) көрсетудің толықтығын тексеру тұрғысынан барлық салық төлеушілерді толық қамту жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық және қаржылық бұзушылықтар фактілеріне жол бермеу бойынша алдын алу шаралары қабылданды, «Адалдық алаңы» өңірлік жобалық офистерінің, әкімдіктердің, «Nur Otan» партиясы филиалдарының, БАҚ және қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен қоғамдық бақылау ұйымдастырылды, бұл сапаны бақылау жүйесін құруға мүмкіндік берді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен тексеру комиссиялары, мемлекеттік кіріс органдары Жол картасын іске асыруға бөлінген дағдарысқа қарсы қаражатты пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудиттер жүргізді.

Жол картасы іске асырыла бастағаннан бері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және басқа да құқық қорғау органдары 24 сыбайлас жемқорлық қылмысын анықтады, оның ішінде 6 қылмыстық іс бойынша үкімдер орын алды, 4 іс ақталмайтын негіздер бойынша қысқартылды, 1 іс сотта қаралуда, 13 іс бойынша іс жүргізілуде. Аталған істер бойынша мемлекетке өтелген залал сомасы 76,5 млн теңгені құрады.

Сонымен қатар Жол картасының тиімділігін арттыру мақсатында оны іске асыру тетіктерін жетілдіру бойынша жүйелі шаралар қабылданды.

Қазіргі уақытта Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) Қаржы министрлігімен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, міндетті зейнетақы жарналарының түсуін тексеру үшін автоматтандырылған бақылауды белгілеу, Жол картасы шеңберінде жұмысқа орналастыру кезінде бір адамды қайталап енгізуді болдырмау, сондай-ақ салық төлемдері бөлігінде ақпараттық жүйелерді пысықтауда.

Жергілікті деңгейдегі комиссиялардың құрамына мәслихаттардың депутаттарын, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін енгізе отырып және «Адалдық алаңы» өңірлік жобалау офистерін тарта отырып, жобаларды іріктеу тетігін өзгерту арқылы мониторинг күшейтілді.

Министрлік жанынан салалық орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП қатарынан Жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобы болашақта ұзақ мерзімді активтер түрінде іске асырудан барынша экономикалық және әлеуметтік тиімділік беретін жобаларды іріктеуді жүзеге асырады.

Жол картасын іске асыру тәжірибесін ескере отырып, 2020 жылы талдау жүргізілді және мыналарды:

- жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру үшін азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын кеңейтуді;

- отандық тауарлар өндірісін, қызметтерді дамыту және жұмыс орындарын құру үшін «Бастау Бизнес» жобасы түлектерінің бизнес-жоспарларын қаржыландырудың (*микрокредиттеудің*) қолжетімділігін арттыруды;

- құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін тұрақты жұмыс орындарын құра отырып, Жол картасына әлеуметтік-мәдени, инженерлік-көліктік, өндірістік (*индустриялық*) инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін салу және реконструкциялау жөніндегі жобаларды ғана енгізе отырып, инфрақұрылымдық жобаларды іріктеу өлшемшарттарын қайта қарауды;

- қаражаттың бір бөлігін жаңа өндірістер мен тұрақты жұмыс орындарын құратын кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларына кредит беруге бағыттауды көздейтін жаңа тәсілдер әзірленді. Кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беруді 6%-дан аспайтын номиналды сыйақы мөлшерлемесімен жүзеге асыру жоспарлануда.

Осылайша, Үкімет Жол картасын іске асырудың тиімділігін арттыру бойынша жан-жақты шаралар қабылдауда.

Осы бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

*На письмо от 17 февраля 2021 года
№ ДС-52*

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно реализации Дорожной карты занятости на 2020-2021 годы (*далее – Дорожная карта*), сообщаем следующее.

Дорожная карта как специальная социальная антикризисная программа была разработана по поручению Президента страны К.К. Токаева в целях снижения негативных последствий пандемии COVID-19.

Особенностью рабочих мест, создаваемых в рамках Дорожной карты, является их доступность, гибкость и краткосрочность. Данные рабочие места в основном предназначены для среднеквалифицированных рабочих в строительной отрасли и жилищно-коммунального хозяйства, поскольку данные работники наиболее подвержены риску остаться безработными в период введения ограничительных мер.

Инфраструктурные проекты Дорожной карты обеспечили достижение «быстрых» результатов по сохранению доходов населения и недопущению резкого роста уровня безработицы в период ограничительных мер, а также создали условия для развития инфраструктуры населенных пунктов.

В 2020 году в рамках Дорожной карты реализовано 6,5 тыс. инфраструктурных проектов с трудоустройством 239 тыс. человек, в том числе 120 тыс. безработных по направлениям центров занятости населения. На сегодня 81 тыс. человек продолжает работу на переходящих с 2020 года проектах по строительству и капитальному ремонту крупных объектов. Средняя заработная плата составила 130 тысяч тенге.

По завершению проектов на постоянные рабочие места трудоустроено порядка 7 тыс. человек.

При этом, принимаются системные меры по обеспечению занятости высвобождающихся лиц, после завершения реализации инфраструктурных проектов.

В настоящее время высвобождено 158 тыс. человек, из которых порядка 55 тыс. человек (35%) направлено на другие реализуемые проекты Дорожной карты, 47 тыс. человек (30%) вовлечены в Государственную программу развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017 – 2021 годы

«Еңбек» и 23 тыс. человек (15%) трудоустроено на постоянные рабочие места (*свободные вакансии*).

По оставшимся 33 тыс. человек (20%) проводится работа по обеспечению занятости в рамках других государственных программ и программ развития территорий.

В рамках реализации Дорожной карты количество аварийных объектов образования сократилось на 580 единиц или на 26% от количества нуждающихся в ремонте (*было 2 509 объектов*). С учетом строительства и реконструкции увеличилось число медицинских организаций и объектов социальной и культурной сферы на 338 объектов.

Дорожная карта позволила снизить степень износа сетей водо-, газо-, электроснабжения и водоотведения на 7,5%, введено в строй 805 км новых инженерных сетей.

Построено и отремонтировано 4 585 км дорог. В результате чего, доля автомобильных и пешеходных дорог в хорошем и удовлетворительном состоянии увеличилась на 8% и составила 69%.

Физический объем казахстанского содержания в материалах и оборудовании на проектах Дорожной карты составил 87%.

Отечественные компании получили поддержку в виде заказов на сумму 657 млрд. тенге, включая 19 тысяч субъектов малого и среднего бизнеса, которые сохранили 114 тысяч рабочих мест.

На отчетный период освоено 857 млрд. тенге. Субъектами предпринимательства, участвовавшими в реализации Дорожной карты, уплачено налогов на сумму 8 млрд. тенге. Учитывая отлагательный эффект от вложенных бюджетных средств, поступление налогов и социальных платежей от реализованных проектов Дорожной карты будет увеличиваться.

В целом своевременно принятые антикризисные меры по поддержке занятости населения позволили не допустить масштабного роста безработицы (*4,9% по итогам 4-го квартала*) в стране.

В то же время в рамках Дорожной карты будет продолжена поддержка отечественных производителей с сохранением требования по достижению не менее 90% доли местного содержания.

Мониторинг создания рабочих мест и фактов трудоустройства на инфраструктурные проекты осуществляется через информационную систему «Интегрированная карта создания рабочих мест» и отслеживается через поступления обязательных пенсионных взносов от работодателей.

Кроме того, в целях обеспечения полноты исполнения налоговых обязательств и пресечения уклонения от уплаты налогов проведено 216 процедур камерального контроля, посредством которых осуществляется полный охват всех налогоплательщиков на предмет проверки полноты отражения дохода (*КПН, ИПН*), оборота (*НДС*), ФОТ (*ИПН, социального налога и социальных платежей*).

Приняты превентивные меры по недопущению фактов коррупционных и финансовых нарушений, организован общественный контроль с привлечением

представителей региональных проектных офисов «Адалдық алаңы», акиматов, филиалов партии «Nur Otan», представителей СМИ и общественных организаций, что позволило выстроить систему контроля качества.

Счетным комитетом по контролю за исполнением республиканского бюджета и ревизионными комиссиями, органами государственных доходов проведены государственные аудиты эффективности использования антикризисных средств, выделенных на реализацию Дорожной карты.

С начала реализации Дорожной карты Антикоррупционной службой и другими правоохранительными органами выявлено 24 коррупционных преступления, из них по 6 уголовным делам состоялись приговоры, 4 – прекращены по нереабилитирующим основаниям, 1 – на рассмотрении в суде, 13 – в производстве. Сумма возмещенного государству ущерба по указанным делам составила 76,5 млн. тенге.

Наряду с этим в целях повышения эффективности Дорожной карты принимаются системные меры по совершенствованию механизмов ее реализации.

В настоящее время Министерством труда и социальной защиты населения (*далее – Министерство*) совместно с Министерством финансов и заинтересованными государственными органами дорабатываются информационные системы в части установления автоматизированного контроля для проверки поступлений обязательных пенсионных взносов, исключения повторного внесения одних и тех же лиц при трудоустройстве в рамках Дорожной карты, а также налоговых платежей.

Усилен мониторинг путем изменения механизма отбора проектов с включением в составы комиссий на местном уровне депутатов маслихатов, представителей общественных объединений и местных исполнительных органов и привлечением региональных проектных офисов «Адалдық алаңы».

При Министерстве сформирована Рабочая группа из числа представителей отраслевых центральных государственных органов, депутатов Парламента Республики Казахстан, а также НПП «Атамекен».

Рабочая группа осуществляет отбор проектов, дающих максимальный экономический и социальный эффект от реализации в виде долгосрочных активов в будущем.

С учетом опыта реализации Дорожной карты в 2020 году проведен анализ и выработаны новые подходы, предусматривающие:

- расширение предпринимательской инициативы граждан для создания новых постоянных рабочих мест;
- повышение доступности финансирования (микрокредитования) бизнес-планов выпускников проекта «Бастау Бизнес» для развития производства отечественных товаров, услуг и создания рабочих мест;
- пересмотр критериев отбора инфраструктурных проектов с включением в Дорожную карту только проектов по строительству и реконструкции социально-культурной, инженерно-транспортной, производственной

(индустриальной) инфраструктуры и объектов жилищно-коммунального хозяйства, с созданием постоянных рабочих мест после завершения строительно-монтажных работ;

- направление части средств на кредитование проектов субъектов предпринимательства, создающих новые производства и постоянные рабочие места. Кредитование субъектов предпринимательства планируется осуществлять с номинальной ставкой вознаграждения – не более 6%.

Таким образом, Правительством принимаются всесторонние меры по повышению эффективности реализации Дорожной карты.

Работа по данному направлению продолжается и находится на постоянном контроле Правительства.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Мамин